

Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-4 "Зеленов аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 7-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 4663 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 наурыздағы № 8-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 14.03.2017 № 8-6 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, Зеленов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-4 "Зеленов аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4362 тіркелген, 2016 жылғы 5 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспе бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12705 тіркелді) бұйрығына сәйкес, Зеленов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**"

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Г. А. Терехов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық

жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Залмуқанов

Р. Исмагулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК